

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Одрэ Азуленің ЮНЕСКО Бас директоры ретінде атқарған қызметіне жоғары баға берді.

«Сіздің парасатты әрі мықты басшылығыңызбен ЮНЕСКО диалог пен ынтымақтастық алаңы ретіндегі рөлін арттыра түсті. Жаһанда бағдарсыздық пен қақтығыстар белең алған кезде Сіз білім мен мәдениет бейбітшілікті нығайтатын маңызды құрал екенін ұдайы дәлелдеп келесіз. Еліміздің бай тарихи және мәдени мұраларына назар аудару арқылы өзара серіктестікті кеңейтіп, жаңа деңгейге көтерілуіне ықпал еттіңіз», деді Мемлекет басшысы.



Президент ЮНЕСКО-ның бұрынғы Бас директорын Қожа Ахмет Ясауи орденімен марапаттады

Қасым-Жомарт Тоқаев Одрэ Азуле Қазақстанның бірегей мәдени құндылықтарын, тарихи ескерткіштерін, зияткерлік мұраларын сақтауға және олардың халықаралық деңгейде танылуына ерекше үлес қосқанын атап өтті.

«ЮНЕСКО-ның бастамалары мен бағдарламалары арқылы әлемдік қоғамдастық Қазақстанның Қожа Ахмет Ясауи кесенесінен бас-

тап, Ұлы даланың мәдени кеңістігіне дейінгі қайталанбас мұраларымен таныс болды. Сондықтан Сізге Қожа Ахмет Ясауи орденін тапсыру-мен үшін зор мәртебе. Сіз Қазақстанға, әсіресе, халқымыз үшін орны айрықша Ясауи кесенесіне қатысты үлкен іс атқардыңыз», деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

ЮНЕСКО-ның бұрынғы Бас директоры Мемлекет басшысына жоғары марапат

тапсырғаны үшін алғыс айтты.

«Президент мырза, маған көрсеткен айрықша құрметіңіз үшін ризашылығымды білдіремін. Менің Қазақстанға алғашқы сапарым Қожа Ахмет Ясауи кесенесімен тығыз байланысты. Бұл орынның тарихи ғана емес, рухани құндылығын терең сезіндім. Сол себепті ұлы ойшыл атындағы орденмен марапатталғанымға қуаныштымын», деді Одрэ Азуле.

Қазақстан курорттарына баратын ұшақтар бағасы қолжетімді болады

1 маусымнан бастап қазақстандық курорттарға әуе рейстері субсидияланған бағамен қолжетімді болады. Алақөл, Балқаш, Бурабай, Түркістан сияқты бағыттарға билеттер 16-20 мың теңге аралығында болады.

Ал келесі туристік маусымда әуе рейстер Катонқарағай, Зайсан және Кендерліге жол ашады. Көлік министрлігінің мәліметінше, биылғы жылы 24 әлеуметтік маңызы бар әуе бағыты субсидияланады. Негізгі назар туристік бағыттарға аударылады.

Айта кетейік, қазақстандықтар ел ішінде жиі ұша бастады. Өткен жылы 31 миллионнан астам жолаушыға қызмет көрсетілді. Оның 22 миллионы жергілікті бағыттарда.

«Егер Үшарал, Үржар және Балқаш бағыттары туралы айтатын болсақ, 1 маусымнан бастап Астана мен Алматыдан рейстер орындалады. Билеттердің құны 16-дан 20 мың теңге аралығында болады. Әлеуметтік маңызы бар облысаралық бағыттар субсидияланады. Оған мысалы, Түркістан, Көкшетау, Қарағанды және басқа қалалардың бағыттары еніп отыр. Бағасы бекітілген. Максималды құны - 16-дан 30 мың теңгеге дейін», - дейді ҚР МТ азаматтық авиация комитеті төрағасының орынбасары Сәрсен Жарылғасов.



Алматы облысының Алатау қаласында алғаш рет eVTOL әуе таксиі ұшырылды. Мұндай сынақ Орта Азияда бірінші рет өткізіліп тұр. Электр қуатымен жұмыс істейтін аэротаксиі көлік кептелісін азайтуға, туристік нысандарды байланыстырып, диттеген жеріңе тез жетуге мүмкіндік береді.

Аэротакс сағатына 200 шақырымды еңсерсе алады. Қуаты да 200 шақырымға шақталған. Бір ұшырыс пен бес жолаушыны тасымалдай алады. 13 электрқозғалтқышпен жабдықталған. Басқа көлік түрлерімен салыстырғанда дыбысы әлдеқайда бәсең және көмірқышқыл газын шығармайды. Қауіпсіздік талаптарына сәйкес алғашқы сынақ жолаушысыз өткізілді, - деп хабарлайды Алматы облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Шараға облыс әкімі Марат Сұлтанғазиев те қатысып, жоба отандық көлік саласының тарихындағы айтулы жаңалық екенін атап өтті.

«Өздеріңізге белгілі, жақында ғана Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Алатау қаласының арнаулы құқықтық режимі туралы» конституциялық заңға қол қойды. Қала келешекте экономикалық өсім үшін қолайлы экожүйеге айналады. Ал бүгінгі жоба - озық технологиялар мен «ақылды қала» тұжырымдамасын жүзеге асыруға бағытталған маңызды қадам. Осындай заманауи ұшып-қону құрылғыларын дамытуға күш салып жатқан «Alatau Advance Air Group Ltd.» командасының еңбегі ерекше құрметке лайық. Аталған бастама Алатау қаласын инновациялар мен цифрландырудың басты ор-

Алматы облысында әуе таксиі алғаш рет сынақтан өткізілді



талығы ретінде дамыту тұжырымдамасымен толық үндесіп жатыр. Жобаға 250 млн доллар инвестиция тартылды. Бұл - Alatau City-дің болашағына деген жоғары сенімнің көрінісі. Бүгінде еліміз жаһандық технологиялық өзгерістерді сырттай бақылап қана қоймай, олардың белсенді қатысушысына айналды. Көк аспанды бағындырған әуе таксилерінің сапары сәтті әрі қауіпсіз болсын. Орталық Азиядағы заманауи авиацияның жаңа дәуірі дәл осы біздің өңірден бастау алғаны-бәріміз үшін үлкен мақтаныш», деді аймақ басшысы.

Сондай-ақ жобаны іске асырушы серіктестермен келісімшартқа қол

қойды. «Alatau City Authority»-тың бас атқарушы директоры Әлішер Әбдіқадыров өз сөзінде игі бастаманың беретін мүмкіндіктеріне тоқталды.

«Бүгін біз Қазақстан үшін тарихи сәттің куәсі болып отырмыз. Елімізде алғаш рет аэротаксиі сынақтан өтті. Бұл тек жаңа технологияны таныстыру емес, сонымен қатар инновация мен цифрлық технологияға негізделген жаңа қаланың даму кезеңінің бастамасы. Alatau City - болашақтың қаласы. Сондықтан еліміздің әуе мобильділігі мен жаңа индустриясының дамуы дәл осы жерден басталуының символдық мәні зор. Біздің мақсат - технологи-

яны жай ғана енгізу емес, оның толыққанды экожүйесін қалыптастыру. Яғни қажетті инфрақұрылым құру, инженерлік саланы дамыту және жаңа жұмыс орындарын ашу», - деді ол.

eVTOL әуе таксиінің ұшып-қонуы үшін қуаттау және навигациялық жүйелермен жабдықталған вертипорттар пайдаланылады. Оларды қала ортасына - ғимарат шатырларына, көлік тораптарына және бизнес-кластерлерге орналастыруға болады. Қазіргі таңда Alatau City-де алғашқы вертипорттың құрылысы басталып кетті. Болашақта Алатау қаласы, Алматы және Алматы облысының туристік аймақтарында вертипорттар желісін құру жоспарланып отыр. Маршруттар өңірдің негізгі көлік тораптарын байланыстырады деп күтілуде.

Іс-шара барысында аэротаксимен қатар жүк тасымалдайтын дрондар мен цифрлық навигация платформасы да таныстырылды.

Қазіргі таңда әлем бойынша жолаушы тасымалдайтын аэротаксилер әлі сынақтан өткізіліп жатыр. Әзірге инфрақұрылымды дайындау жұмыстары жүргізіліп, құжаттары әзірленуде. 2029 жылға қарай іске қосылуы мүмкін. Бұл жоба тек өңірдің ғана емес еліміздің әуе тасымалын дамытуға серпін беретіні сөзсіз.